

ӘДЕБИЕТТЕГІ АВТОРЛЫҚ ПОЗИЦИЯ ЖӘНЕ ТАРИХИ-КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

(М.Айымбетовтің “Бопай ханым” романы бойынша)

Салымова Айтолқынaitolkin_s@mail.ru

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Атырау қ, Қазақстан Республикасы

“Қазақ тілі мен әдебиеті” ББ магистранты
Ғылыми жетекші, PhD., доцент - **Кушкимбаева А.С.**

М.Айымбетовтің «Хұсни ханымның хроникасы» деп аталатын шығармасында былай дейді: «Өз басым, «Қазақтың Пушкині», «Қазақтың Чехові», «Хемингуэйі» дегендерге қарсымын. Нұржекеев Мопассан емес. Алайда одан кем де емес. Ешкімнің ешкімі емес. Қазақтың Бексұлтаны» [1]. Сонда әр халықтың өзінің бетке ұстары болатынын, өздеріне ұнайтын, тарихта ойып тұрып орын алаларлық ханы да, ханымы да, жырауы да, ақыны да, жазушысы да болатынын, бірақ өзімізге телімей, керісінше, өзімізде барын көтеру болмақ сонда. Қазақ әдебиетінде әйел жанының тереңдігін ең алғаш М.Жұмабаев «Шолпанның күнәсінде» қозғап кетсе, одан кейін көп уақыт өте Б.Нұржекеев пен М.Айымбетов жазды. Соның ішінде, Мәди Айымбетовтың әйел тақырыбын көтеруінің өзіндік ерекшелігі бар.

Жалпы, әлем әдебиетінде «әйел» тақырыбын көтеру деген қоғамдағы неше түрлі оқиғаны келтіру деп, ондағы болып жатқан неше түрлі адамдардың мінезін көрсету болмақ. Мәселен, түрік жазушысы Р.Н.Гүнтекиннің «Бозторғайы» осы сарында, Феридеге жолында кездекен ер адамның бәрі бірдей ғашық деген сөз емес, сол әйелге деген қатынасына қарай барлық ер адамның болмысын ашады. Одан бөлек, жазушының Хұсни ханым да Фериде сынды жолында бірнеше ер адамды көреді. Имам да, сотта, прокурор да, журналисттер де тез қызыққыш, бәрін өзі иемденуді көздейтінін көреміз. Қарап отырсақ,, әлем жаратылғанда еркек пен әйелдің бірге жаратылуынан барлық нәрсенің бастуы көрінеді. Сонда әйел арқылы еркегінің қандай екені, заманның болмысы толық ашылады. Бұл көркем әдебиетте «әлеуметтік кейіпкер» ретінде танылып, талданатынын көреміз.

М.Айымбетовтің қаламынан туған, әйел тақырыбына жазылған «Бопай ханым» шығармасында Бопайдың бейнесін беру арқылы заманның жайын аңғартқанын көреміз. Әбілқайыр сынды ханның жары, сенімді ақылшысы, жан жолдасы атанған Бопайдың ақылдылығымен қатар, орыс саясатының күйтұрқылығы, отаршылдық қандай мақсатта, қалай жүргендігі анық көрінеді. Шығармадағы тарихи кейіпкерлерге келетін болсақ, Әбілқайыр хан, Бопай ханым, Есет батыр Көкіұлы, Бөгенбай батыр Қараұлы, Шақшақұлы Жәнібек батыр, Сәңкібай батыр, Мырзатай, Сүйіндік, Барақ сұлтан, Әжібай би, Нұралы сұлтан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Бекет, Дж.Кэстль, Неплюев сынды өмірде болған адамдардың бейнесімен бірге, есімдері, ерлік істері қозғалады. Мәселен, Есет батыр туралы былай деп келеді: « -Әкең Әбілқайырға ана бір замандарда жоңғарлармен де, Еділдің қалмақтарымен де болған соғыстарда да өле-өлгенше тірек болған сол Есет «... аяғымды батысқа қаратып жерлеңдер, өлсем де, жауды келтірмей, тіреп жатайын» депті пәниден баз кешерінде. Өлсем де, қайсар рухыммен елімді қорғап жатайын дегені ғой жарықтықтың...» [2] деген жолдардан батыр Есеттің рухының мықтылығын көреміз. Сондай-ақ, бұл аңыздың халық арасында тараған нұсқасында пойыз жол салып, пойыз міне жүреді дегенде бұзылып, істен шығып қала береді екен. Содан орыстар себеп неде десе, бәрі дұрыс. Түсінбей тұрған шағында бір татар оларға мұнда мықты бір батырдың жатқанын, оның басына шошқа сойсаң дұрысталады деген ғой. Содан барып, шошқасын басына апарып сойса, бейіт басынан аққу ұшып шығыпты. Сонда батырдың әулиелігі топырағына тиген арам қаннан, жалпы арамдық пен зымияндықтан сақтанатынын, ислам

дінін таза ұстағанына көз жеткіземіз. Сонымен қатар, шығармадағы тарихи бейне Бөкенбай батырдың Әбілқайырдың жан серігі болып, Аңырақай шайқасында қол бастағанында жанында болады. Ә.Кекілбаевтың «Үркер» шығармасында: «Бөкенбай енді екі құлағына дейін дуылдай қызарып, көзі шатынап, көмейі бітеліп:

- Өз басым осы ата қонысымда мола боп қаламын. Бірақ өз тірлігімде күн шығыстан босып келе жатқан қазақты көрсем де, мейманасы асып бөсіп келе жатқан ойратты көрсем де, қанжарым сынғанша қарнап, найзам сынғанша шаншып бағам, - деп ашуға тұншықты да, қолын бір сілтеп отыра кетті» [3] – деп Қаракұмда болған үш жүздің басы қосылған жиында Бөкенбай батыр қалай болғанда да ата жерді, атамекенді қорғау керектігін айтады. «Үш алаштың туын тағы да азуы алты қарыс үйсін тұрып, арғын тұрып, алшын тұрып күні кешегі табындардың көсемі Қараұлы Бөкенбай ұстады» [3, 123] дегеннен-ақ қазақ батырларының, әсіресе, Кіші жүзге найза беріп жауға қоятынын айтады. Сонымен қатар, қазақтың батырлары ел мен жерді қорғап, аяулы қарындасының күң болмай, ер жетіп отырған жігіттерінің құл болмауын қалап, қалай да қасық қаны қалғанша күресетінін айтады. Бұл нәрсені М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесінен түсінеміз, яки Күшікбай батырдың арқасына шыққан жарасына қарамай, ел шетіне жау тиді дегенде орнынан көтеріліп, сол шайқаста көз жұмады. Ал оның қасында Ақан деген болыстың Ғазизаға қылған қастығы сол заманның батырлары жасайтын әрекет пе деп санағанын көреміз. Сонда батырлардың ел мен жерді не үшін қорғайтынын көреміз, яғни қыздарының абыройы мен намысы үшін, ертеңгі ұрпағын тәрбиелейтін ана ретінде санап, қорғайтынын көреміз. Сондағы айналып келгенде ер адамның бар әрекеті әйел жаратылысын өзгеден қорғау, ол қызы, ол қарындасы, ол жары, ол анасы, ол әжесі. Өзгенікін өзге деп қарамай, бәрін өзінікі деп қарау арқылы қорғағанын, ал менің туғаным емес, қалай қорғаймын деп ойланған да жоқ. Сондай-ақ, Бөкенбай батыр туралы жырда оның адай жерін қалай түрікпендерден қорғағаны жайында айтылады:

Табыннан шыққан Бөкенбай,

Қорғаймын деп жерімді,

Күркіреп жауға тигенде,

Қара бұлттай көрінді [4], - деп Бөкенбай батырдың жауға найзағайдай тиетінін көреміз. Қазақтың тарихында әулиелк пен батырлық бір адамға қонатынын, ол адамдардың барлығының да бойында қасиет болатынын, тегін адам еместігін білеміз. Бөкенбай батырмен аттас Қанжығали Бөгенбай күндіз қалай көрсе, түнде де солай көреді екен, содан бұның сыры не де екен десе, дәретін алуды тастамай, ұмытпай орындайтындығында деп келеді. Сонымен қатар, батырдан бөлек, ханның қасиеті, назары болатынын да көреміз. Нысанбай жыраудың «Наурызбай – Ханшайым» жырында ханның назары түскен Ханшайымның дүниеден өтетіндігін байқаймыз. Мұның сыры М.Х.Дулатидің «Тарихи Рашиди» атты еңбегінде Шыңғыс ханның арғы ұрпағында өте тақуа әйел болса керек, сол тақуалығына құдай да риза боп, бала берсе керек. Бұл бір Мария ана мен Иса пайғамбардың оқиғасына ұқсайды. Бәлкім, халықтың Шыңғыс ханның мықтылығының негізі осындай деп ұққандықтан болар деп түйеміз. Ұрпақтан ұрпақ тарап, ол Шыңғыс ханға қасиет дарып, балалары мен немерелері бүкіл Азияны билеп төстейді. Шыңғыс ханның он үшінші ұрпағы, Жәнібек ханның Өсеке ұлынан тарайтын елеусіз хан тұқымынан шыққан Әбілқайырдың асып-тасымайтын, қиындық болғанда жігері жасыймайтын деп Ә.Кекілбаев суреттейді. Сонда өзінің елеусіз сұлтан екенін ескеріп, тастай қатты болуға ұмытылып, өзін-өзі дәлелдеу арқылы Кіші жүздің белді де беделді батырларымен тіл табысып, сенімді серіктерге айналады. Ендігі кезек те шығармаға назар аударсақ.

Бұл шығармада екі жерде түс көрі келеді. Біріншісінде: « Сондай таңсық хәлде жүргенде оны түсініксіз бір тұнжырлау ұйқы меңдете бастады. Неше түрлі түстің құшағына еніп, күндіз демей, түн демей ұзақ-ұзақ жатып ұйықтайтын болып алды. Бірде, сірә, таңғы ұйқының кезінде ме екен, түс көріпті. Жым-жырт иен даланың ортасында, тып-тымық көгілдір аспанның аясында жападан жалғыз жүріп келеді екен. Айналасында қыбыр еткен жан баласы жоқ. Жалғызаяқ жолдың қайда апаратыны мәлімсіз, әйтеуір, тоқтамайды,

дамылсыз ілгерілеу, дамылсыз қозғалу, көзге көрінбес бір күш оны дедектете жетелеп барады. Аз жүрді ме, көп жүрді ме, білмейді, алдынан толқыны шулап, шалқып жатқан үлкен дария кезігеді. Жол табаны тірелген дарияның ар жағында не бар, ол да беймәлім. Енді қайда бармақ, алдында – терең ұлы су! Артына жалт қарайды. Жалт қараса, ізінен желкі жүні дүрдей тайыншадай көкжал бөрі еріп келе жатыр. Мұның аңтарылып тұрғанынан секем алды ма екен, әлгі көкжал арлан сәл шегіншектей түсіп барып қалт тұра қалды. Тұла бойын билеген үрей мен қорқыныш заматта жоғалып, ол көкжал бөріге: «Күшім, күшім мені, көкжалым менің кішкентай, келе ғой маған» деп қос қолын соза берді. Қасқыр да жылы сөйлегенді түсінгендей, тұмсығын соза түсіп, құшағына келіп енеді. Ып-ыстық тілімен мойнын, бет-аузын жалап, еркелей бастаған мезетте алдында өткел берместей болып жатқан дарияның суы дәл ортасынан екі жаққа қашып, арғы жағаға қарай айдынды жол жайылып сала берді. Ал дарияның арғы жағалауы нағыз ұжмақтың өзі! Жап-жасыл ақ мәуелеп тұрған, тырнакөз кәусар бұлақ сыбырлап сылдыр қаққан ұжмақ! Таңтамаша сезімге бөленіп, көкірегін кереметтей бір қуаныш керней ала жөнелді. Өзінің манадан бергі жападан-жалғыз екенін де ұмытып кетті. Жасыл әлем оны саясына алып, нұрлы шуағымен аялап, жібектей есілген самалымен бет-жүзін өбіп, мөлдір де тұнық әлемнің ішіне енгізді де жіберді. Таңғажайып дүниенің әлдиімен елжіреген жүрегі ойда жоқта пайда болған шаттыққа толды. Осы нағыз ұжмақтың арасында осылайша қанша уақыт жүрерін кім білген! Әлден соң ол өзін осы жерге терең дарияның айдынынан жол ашып жетелеп алып келген көкжал арланды кенет есіне түсірді. Ұмытып бара жатқанына өкініп, жалма-жан жан-жағына, алды-артына қарап қасқырды іздеді. Арлан үшті-күйлі жоқ болыпты. Жан дүниесі әлем-жәлем, жандалбаласап олай бір, бұлай бір жүгірген ол көкірегін өксік қысып көз жасына ерік берді. Қанша жылағанын білмейді, жылаудан солығы басылған Бопай кенеттен тап жанынан бөлтіріктің қынсылаған үнін естіді. Қып-қысқа аяқтарын тырбың-тырбың қозғап, қозғап бауырын болар-болмас көтерген құйттай ғана тіршілік иесін қос алақанына салып жерден көтеріп алды. Сол қас қағымда көзін жаңа-жаңа ашқан бөлтірікті азуымен желкесінен қысып оның қасына әкеп тастаған арлан оған анадай жерден бір көрінді де, көзден ғайып болды» [2, 38], - деп Бопайдың көкжал арланның ұрпағын жалғайтыны осылай түске енеді. Екінші жерде былай көрінеді: «Шілденің басында Неплюевтің қалауымен Әбілқайыр Ор қаласына аттанар алдында Бопй түнде жайсыздау түс көріп шықты. Ханның кер бесті айғыры ерін бауырына алып, жалына оралған күміс ауыздықты жүгенін сілкілеген күйі арқырай кісінеп, ордаға ер үстінде егесі жоқ, жалғыздан жалғыз дүбірлей шауып оралыпты. Омырауын тер жуып, танауы делең қағып, қанталаған көз шарасынан бұршақ-бұршақ жас ытқиды. Үйден сүріне-қабына атып шыққан Бопайдың шырқыраған жан даусынан хан ордасының іші-сырты түгел жаңғырығып кетті» [2, 157]. Бопайдың бірінші рет түсінде Нұралы ханға жерік болғанын, арлан көкжалдың бөлтірігін дүниеге әкелетінін көрсе, екіншісінде Әбілқайыр ханның дүниеден өтетінін білдіреді. Қазақта шыққан тегі, сүйегі кім дегенде бірден оның руы айтатыны белгілі. Ал Бопай ханым адайдың қызы, ал адайлар тегін емес, олардан қаншама әулие, емшілер шыққан, оларға түс арқылы анық аян беріліп отыратын қасиеттері бар. Ал осы түс мәселесін қазақ әдебиетінде Г.Пірәлиева зерттейді, ол Ә.Кекілбаевтың шығармаларындағы түс көруді психологизмнің берілуі деп қарап, мынадай ой-пікірін білдіреді. Түстер арқылы өмірдің мәңгілік құндылығы, өмірдің жалғандығы, бүгінгі мансап пен тақтың, бақ пен байлықтың, Ажал-ақиқат алдында адамгершілік мәселелері, орта, уақыт, кезең таңдамайтынын және айтады. Түстердің сюжетті құруда және әдеби тәсілдерді түрлендіруде қолданатынын айтады. Ұлттық менталитетімізге ежелден түс туралы сенім мен ұғым, адам жанының тереңдігі, көркем шығарманың шындығын, кейіпкердің шын бет-бейнесін, бүкіл табиғатын, ішкі иірімдерін, көңіл түбіндегі адамның құпия сыры түс арқылы берілетінін көреміз [5]. Сонымен қатар, түсте көкжал арлан қасқырды көру мен аттың бос келуінің халық танымындағы орны ерекше екенін байқаймыз. Арлан қасқыр еркіндіктің, мықтылықтың символы екенін білеміз. Сондай-ақ, шығармада арлан қасқыр тағы бір рет кездеседі: «...Әккі қасқыр желке тұсынан, бөксесінен қауып тістеген дүрегейлердің қанды азуын кеңірдегі мен

құлақ шекесіне тигізбей ұзақ арпалысты. Ұрпағының аман қалуы үшін өлермендікпен жанталасқан алып көкжалға Әбілқайыр еріксіз сүйсінгендей еді. «Енді бұларды ажыратып жіберуге кеш, қанды айқастың ырғын текетіресіне түскен жыртқыштарды ештеңе де тоқтата алмасы анық. Тоқтаған заматта мерт болмақ. Өмір үшін, тірі қалу үшін қандыкөз өліммен нағыз арпалыс, айқас дегеніңіз осы!...» [2, 68], - деп көкжал қасқырдың ұрпағын қорғау үшін соншама алысқанын Әбілқайыр ханның арпалысы болатынын осынау көріністен сезуге болады. Арлан қасқырдай орыстың басқыншылық саясатымен, жандайшаптарымен арпалысатынын сезбесе де керек. Ендігі кезекте Бопай ханымның өзінің бет-бейнесіне тоқталатын болсақ.

Шығармада Бопай ханым мен Әбілқайырдың алғаш жолығуы сұлтанның аң аулаудан қайтып келе жатып, Бопайдың ағасы Мырзатаймен жолығысып, аяқ астынан сол шаңырақ қонақ боп түсе қалады. Әбілқайырдың аң қуып жүріп байқамаған сынықтарын салып береді Бопай сұлу. Солай сұлтанның жүрегіне шок түседі, бірақ істің реті бірден бола қоймайды. Сонымен, Бопай –қыз күнінде ерке әрі еркекшора боп өскен ару. Ағаларымен жағаласып, қапыдан келген жауға тойтарыс беретін, шайқасудың хас шебері болса керек. Сонымен, уақыт өте келе көкжал сұлтанның жары атанған соң өзінің ақылдылығын көрсете бастайды. Бопайдың ақылдылығы Әбілқайырға ақыл беруімен, Нұралы сұлтанды жұмсап отыруынан көрінеді. Шығармада қазақ жеріне экспедициямен келген Дж.Кэстль жайы да айтылып, оның орыс басқыншыларының мақсатына жеткізудегі құнды деректер айтқанын көреміз. Сонда ол былай дейді: « - Орданың бас ханымы! Пупай ханым!... Номад сұлуы! Сұлу ғана емес, ақыл-парасаты биік те кемел жан!...» [2, 73]. « - Сұлулығы мен ханымға тән зерде-парасаты кереметтей үйлескен бұл әйел ханның нақ сүйері ғана емес, мәртебесі жағынан хан ордасындағы екінші адам саналады екен, аса мәртебелі Кирилов мырза! Ақылы кемел ана, ел билігінде хан иесіне сөзімен де, ісімен де тірек бола білетін ханым атағына әбден лайық әйел! Еуропаша айтсам, нағыз королева! Хан ставкасына кереметтей ақыл-парасатымен билігі жүріп тұрған адам дер едім. Әрине, Абулхайрдан кейінгі ғой» [2, 74], - деп Джон Кирилов деген зерттеушіге Бопай жайын айтады. Содан ол кісі де өз білгендерін айтады. «- Иә, әйел затының ел билігін қолына алып, халықты басқаруы шын мәнінде азиаттар үшін таңсық нәрсе емес, олардың қанында бар мұндай қасиет! Сонау арғы заманалар кезінде, біздің дәуірімізге дейінгі алтыншы ғасырда осы өлкенің ең байтағын мекендеген сақтардың патшайымы Томирисінің бірі өзі бұған дәлел! Тарих атасы атанған, көне грек тарихшысы Геродот жазған Томирис өмірнамасын оқыған боларсыз. Ал одан біразырақ өмір сүріп, Сырдария бойын мекендеген сақтардың тағы бір сұлу да ержүрек патшайымы Зарина ше! Бұл қайсақтардың түп негізін құраған осы сақтардың тайпасынан мұндай нәзік жанды ержүрек пайтшайым-көсемдердің талайы шыққан ғой! Мына Пупай ханымның да – сөзсіз соның бір айғағы!...» [2, 74]. «Шынтуайтына келгенде, анау Еділдің қалмақтары құсап орыс билігінің қолтығына кіріп алу, оларға біржолата бас ию о бастан-ақ ниетімізде болмағаны өздеріңізге мәлім» [2, 64], - деп тығырықан шығығуға тырысқан Әбілқайырдың сенімді адамы атанып, бірнеше ұлды сыйлаған Бопайдың биіктігі мен парасаты Нұралы сұлтан қайта-қайта әкесінің жанында болуын қадағалауы мен әкесінің елдік мәселені қозғайтын мәжілістерде болып, түрлі шаруаларға жұмсалыуында баланы жұмсау арқылы әкенің балаға сыны көрінеді. Сонымен қатар, Әбілқайырдың сенімді жолдасының бірі Бөкенбай дүниеден өткен соң көңілі босап қалған ханды жұбатуға Шақшақ Жәнібектің өзі келетін болса керек. Сонда Бопай ұлына: «Биылғы жаз Ырғыз бойн, темірастаудың Мәні шоқысының баурайындағы шұрайлы үлкен алапты жайлаған ханның ордасына бұл күндері әр қиырдан ат сабылтып келушілердің қарасы үзілмеді. Бөкенбайдың қазансын ханмен көтеруге бейілді ел ағалары, батырдың үзеңгілестерін Нұралы сұлтанның шабармандары қарсы алып, алыс-жақыннан келген қонақтарды мәртебесіне қарай арнайы тігілген үлкенді-кішілі ақшаңқан үйлерге жайғастырды. Содан соң ғана хан отауына оларды кезек-кезегімен Нұралының өзі бастан апарып жүрді.

Қасындағы арғынның айтулы би, батырларымен бірге Шақшақ Жәнібек қана ат басын бірден ханның бас отауына тіреді. Нұралыға шешесі Бопайдың алдын-ала айтылған

тапсырмасы солай болтуғын. Жәнібектің ел шетіне тақап келіп қалған хабары жетісімен, ханым оны түске таман жедел шақырып алып: - Әкеңнің қалауы, бұйрығы десең де болады бұны, Жәнібек батырды қасындағылармен бірге үлкен отауға әкелесің. Жәкеңді әкеңнің өзгеше қадір тұтатынын өзің де білесің ғой, Нұралыжан! Хан иеміздің өзімен де, Бөкеңмен талай жорықтас болған тарханның күтім-жайы осында жасалады, өзің бұған бас-көз боласың! – дегенді қадап айтты» [2, 127], - деген жолдардан Бопайдың жарының жолдастарының жағдайын жасауды Нұралының өзіне тапсыруы да оның дағдыланып, үйрене бергені жөндігінен. Нұралының Жәнібектің Әбілқайырға айтқан жұбату сөзін мұқият тыңдап, мынадай көріністі көреміз: «Әкесінің Жәнібекке қарата айтқан мынадай сөзінің мәнісінде жатқан жан толқынысы өзіне тақау отырған баласы Нұралы да енжар қалдымағанын Бопай сезді. Ханның ел ағаларымен осындай отырыстарының бәрінде мұрагер үлкен ұлының қасында болуын қалайтыны тегіннен-тегін емес-ті. Бопай ұлына жүзін жартылай бұрып, ендігі мәслихаттың жалғасы ас үстінде, дастархан басында болатынын ескертті де, оған қадірлі қонақтарды күтіп, жайғастырудың қамын қадағалауды тапсырды» [2, 131], - деген жолдарда Нұралының әке қасында болып, елдің игі жақсыларының сөздерін тыңдап, кімнің қандай пейілі барын ажыратып отырады. Бұл шығарманың тағы бір ерешекшелігі ретінде Бопайдың Барақ сұлтанға деген жазасы.

Әбілқайыр ханның өлімі Барақ сұлтанның жандайшабы Сырымбеттің болады. Жан тапсырар алдында Бопайға мынадай тілегін жеткізеді: «Ғұмыр-р көшім тоқтады. Көш-өмірдің бұлайша тоқтайтынын білсем етті?! Әттееең, білмеппін-ау... Ел үшін жаным садаға деп... қолдан келгенше арпалысып... Енді, міне... Басқаның емес, өз іргемнен шыққан қаскөйдің қанды қолы қапияда ажал шеңгелінн тәніме қадап, жүргеімді аһ ұрғызды. Иә, арман көп еді... Уһ! Елді ел деп ем ғой... Жете алмай барамын соған. Аманатымды мұрагеріме, екеуміздің тұла бойы тұңғышымыз Нұралыға тапсыратынымды жеткізерсің. Соған есептерсің, оны орындауға қырық жылдай жанымнан ажырамаған сенің ақыл-парасат шамаңның жетеріне кәмілмін-н-н-н... Кәмілмін-н-н-н...» [2, 165], - деп ең соңғы бақылдасуында аманатын Нұралы сұлтанға табыстайтынын, жары Бопайдың өзі жәрдемдеседі есептейтінін көреміз. Солай орыс пен қалмаққа шабуылдап жүріп, орыс саясатының арқасында қапыда көз жұмған Әбілқайырдың қанды кегін Ералы сұлтан Сырымбеттің басын кесіп, ауылын шауып алса, бұны ұйымдастырған Бараққа Бопай мынадай жаза айтады: «Қоңырат, найманды билеп жүрген сұлтанды Қарнақтағы қамалынан тапсаңдар, қатын-баласының алдында, ал түзде, елінің ішінен жолықтырсаңдар, халқының алдында табанға салып алдмен басындағы тәжін алыңыздар, бұл сенің басыңды алғанымыз деген ишара болар! Содан соң беліңді сындырамыз дегендей, бліндегі кісесін ағытып алыңыздар! Асасы мен бес қаруын сыпырып, саусағындағы мөрін алыңыздар, бұл сенің төрелік, сұлтандық мәртебеңнен айырдық, енді ешкімге керегің жоқ дегенмен бірдей болар, сірә! Осының бәрінен соң қос құлағының азандығын тіліп, «сырғалық» жасайсыздар, бұл жаза бұдан былай сенің қатыннан айырмаң жоқ болады дегенді көзіне шұқып көрсеткенмен бірдей болады! Иегіндегі сақалын күзеп, ұстарамен тақырлап, төбесін қанжардың ұшымен шаңбақтап-шаңбақтап кетіңіздер, бұл ақымақ басыңның енді жұртта қалған жыртқы қауғадай да құны жоқ дегендеріңіз болар! Бұл аз болса, қатынының бұрымын кесіп, астындағы атының құйрық-жалын түзеп, тай сияқты шұнтитып тастаңыздар! Әйтпесе намысы қайрақтай, өр кеудесіндегі жүрегі ешқашан өлімнен қаймықпайтын Барақтай ата жауды қылышпен шауып, найзамен түйреп құрдан-құр өлтіре салу Әбілқайырдай ардақтымыздың кегін алудың жеңіл жолы болатынын ұмытпаңыздар, ардақтыларым! Барақ сұмның шырқыраған жанын кеудесіне қалдырып, мен айтқандай істеп, намысын біржолата жер қылып келіңіздер» [2, 169], - деген жолдардан адайдың түрікпенмен соғыста екі елдің де жауын жеңу үшін неше түрлі жаза ойлап шығарарын Әбіштің шығармаларынан жақсы таныс. Бопай да сол елдің қызы ретінде осындай төре үшін өте ауыр жазаны ойлап шығарады. Солай Бараққа осылай жасалып, ол тірі өлікке айналып кетеді. Бір жағы Қазыбек би мен Абылай сұлтанда Әбілқайырдан сұлтанды өлтірткізгені үшін кешпейтінін, әділ сотты өткізуге бейіл береді.

Ендігі кезекте шығармада орыс пен қазақтың қарым-қатынасының қалай көрінетіне тоқталсақ. Одан бұрын Ресей империясының қазақ жерінің отарлауының артында І Петрдің Үндістанға жол ашылады деп, М.Мағауиннің шығармаларында Жаркенттің алтыны деп те келеді. Не десек те, империяның жерінің ұлғайып, байлығы отарланған мемлекеті есебінен баюды ойлайды. Шығармада орыс жандайшаптары да Әбілқайырдан келетін қауіп барын, өз астында қаншама халықты біріктіргенінен қорқатын да: «Неплюев біразға дейін өз-өзіне келе алмады. «Хан ордасының билігін мынау Әбілқайыр өз қолына ұстап тұрғанда бұлардан келетін қауіп зор, көзін жоюдың амалына дереу кіріспесе болмайды. Жабайы номадтар ертеңгі күні бас-көзіне қарамай атойлап кетсе, тоқтату қиын болары анық! Қайсақтардың ортасынан Әбілқайырға қарсы шығып, хан билігіне өзара таласып жүрген сұлтандармен байланыс орнатуың қамын енді шыңдап қолға алмаса, хан ордасымен қантөгіс тайталас тоқтамайды»» [2, 117], - деп Әбілқайыр сұлтан мен Барақ сұлтаны әдейілеп арасын суытып, билік құмар Барақтың буынына түсіп, Әбілқайырға қарсы қойып, ақыры ханның өлімімен аяқталады. Сондай-ақ, шығармада Тевкелеевтің де, оның қасында жүрген адамдарының да алдағанын, жан-жағынан қаумалаған жаудан Ресей империясының қорғауы үшін қамқорлық аламыз дегенін бодан болу деп өзгерткенін, өмірінің соңғы күніне дейін бекініске шабуылдап отырады. Тіптен, ант қабылдап болған соң да, қалмақтың шабуылы үдеп отырғанына қарамастан, уәделерінде тұрмағанының артын түсініп, қарсы әрекет жасап отырады. Еуропа елдерінің сонау «Ұлы географиялық ашылулар» кезеңінен бастап отарлауды бастағанын, тіптен қазіргі Америка жері Англия отарлауынан пайда болғанын, Египет халқының да Англияның отарлауына ұшырап, Суэц каналын салып, сатып алуы, Канада, Мексика, Оңтүстік Америка елдерін, Африка елдерін, Аустралия сынды жерлерді отарлап, байлығын алып, адамдарын құл етті. Америка жерін мекендеген үндістерді тікелей шайқаста жеңе алмай, олардың жануарларын құрту арқылы жеңгенін тарихтан көреміз. Сонда түсінеріміз:

- Империяға жаңа жер керек;
- Империяның өзіне бағынатын жердің байлығын иемденуі арзанырақ;
- Империялар арасындағы бақталастық;

Империялар өз ішінде қаншалықты жер жаулағаны, индустриалды қоғамға көшуі өз араларында тартысты туғызды. Сонда Ресей империясы аталған ерекшеліктер бойынша жаулап алды. Ал енді отарлаудан соң мынадай нәтиже болады:

- Басылған ұрпақ;
- Тарихтың бұрмалануы;
- Еркін ойлай алмау;

Бәрінен бұрын ұрпақтың басылып қалмағаны маңызды. Ата-бабаларымыз үнемі осы сұрақпен көп ойланып, келешек ұрпақ үшін деген ұраны да болды. Египет сынды ел қазіргі күні тәуелсіз ел болса да, әбден еңсесі басылғаны жайлы көп айтылады, өз елдеріндегі жәдігерлердің көбі көшірме, көбі Луврда және басқа да мемлекеттерде сақталуы екенін айтады. Дегенмен, қазақ сынды халық ешуақытта үмітін үзіп көрген емес. Әбілқайыр хан дүниеден өткен халық қаншама көтерілістер куәсі болады. Халықтың рухы ешқашан өшпейтінін көреміз.

Қыздарымыз Бопай сынды арулардан үлгі алса, олардың ең бірінші сұлу деп мойындалғаны емес, ақылды, парасатты деп танылуы да халқымыздың қыз баланың ақылды болғанын жақсы көретіндіктен деп санаймыз. Солай Қасым сұлтан да Бопай ханымның ақылдылығы мен парасатына тәнті болып, өз шаңырағында дүниеге келген арудың есімін ырымдап, Бопай қояды. Ал ол Бопай Кенесары ханның сенімді серігіне айналады. Солай тарихымызда екі Бопай ғұмыр кешкен, екеуі де ірі тұлғалар жанында ақыл беруші қызметте болған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Айымбетов М. Құсни ханымның хроникасы. «Алтын жебе» бәйгесінің жүлдегерлері. Ақтөбе: «IDEA ILD» ЖШС, 2019. – 300 бет

2. Айымбетов М. Бопай ханым: Тарихи роман. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 224 бет
3. Кекілбаев Ә. Үркер: Роман. Алматы: «Жазушы», 1981. – 590 бет
4. Баһадүр батыр Бөкенбай. Жинақ. Ред.алқасының төр. Е.Сағындықов. Ред.алқасы: М.Жекеев, Б.Кемешов, К.Кенжебаев, А.Мұсаев т.б. «Т.Жанәділов» кітапханасы, 2011. – 443 бет
5. Пірәлиева Г. Көркем шығармадағы психологизмнің кейбір мәселелері: Монография. Алматы: Алаш, 2003. – 327 бет